

**«ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ  
ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ  
«№ 39 «ҚЫЗЫЛӨЗЕК» ОРТА МЕКТЕБІ» КММ**

**Б Ұ Й Р Ы Қ № 139**

Қызылорда қаласы

« 29 » 08. 2022 жыл

**Құқық бұзушылықты болдырмау  
және алдын алу туралы**

№39 «Қызылөзек» орта мектебінде құқықбұзушылықты болдырмау және алдын алу, тәртіпсіздік іс-әрекеттерден аулақ болуы мақсатында

**БҰЙЫРАМЫН:**

- 2.2022-2023 оқу жылына арналған жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алуға байланысты жүргізілетін жылдық іс-шара жоспары бекітілсін.
3. Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықты болдырмау және алдын алу мақсатында қоғамдық ұйымдар мен ата-аналар, түрлі сала мамандарымен бірлескен құқықтық, тәрбиелік іс-шаралар ұйымдастырылсын, сынып жетекшілер мен ата-аналар комитетінің жауапкершілігі арттырылсын.
4. Бірінші сыныптан бастап оқушыларды қабылдап, үйлеріне тарату барлық сынып жетекшілерге міндеттелсін.
4. Мектеп инспекторымен бірлесе отырып түнгі кезекшілік ұйымдастырылсын.
2. Әр сыныптардағы «қиын» оқушылармен жұмыс жүргізуде нақты іс-шаралар жүргізілсін, сынып жетекшілердің ата-аналармен байланысы күшейтілсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Қоқыбасовқа жүктелсін.

№ 39 «Қызылөзек» орта  
мектебінің директоры



Ж. Байжанов



«Бекітемін»

Мектеп директоры:

*Ж. Байжанов* Ж. Байжанов

**№ 39 «Қызылөзек» орта мектебінің 2022-2023 оқу жылында «Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу» жұмыстарының іс-шара жоспары**

Р/с	Іс-шара мазмұны	Мерзімі	Жауапты	Бақылау
1	2022-2023 оқу жылында «Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу» жұмыстарының іс-шара жоспарын жасап бекіту	қыркүйек	С.Қоқыбасов	Мектеп әкімшілігі
2	ҚР «Бала құқығы» заңы баптарымен таныстыру 1-11 сынып сынып сағаттары	қыркүйек	Сынып жетекшілері	Мектеп әкімшілігі
3	Ата-аналар жиналысы «Кәмелетке толмаған балалар мен жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу шаралары»	қыркүйек	С.Қоқыбасов	Мектеп әкімшілігі
4	«Дені сау ұрпақ-ұлт болашағы» тақырыбында спорттық сайысы	қазан	М.Қайырбекова Н.Махмұтұлы	Мектеп әкімшілігі
5	«Жасөспірімдерді қылмысқа итермелейтін факторлар» мектеп оқушыларының ауылдық учаскелік полиция инспекторымен кездесу	қазан	С.Қоқыбасов	Мектеп әкімшілігі
6	«Заң және мен» тақырыбында баяндама жасау (7-11 сынып)	Қараша	Б.Қайырбеков	Мектеп әкімшілігі
7	«Жирен жаман әдеттен» дөңгелек үстел. (6-9 сынып)	желтоқсан	Б.Қайырбеков	Мектеп әкімшілігі
8	«Қыз өссе-елдің көркі» тақырыбында қыздар арасында тәртіп бұзушылықтың алдын алу. (6-9 сынып)	қаңтар	Г.Қыстаубаева	Мектеп әкімшілігі
9	Ұлдар арасында тәртіп бұзушылықтың алдын алу.	Ақпан	Н.Махмұтұлы	Мектеп әкімшілігі
10	«Мен қоғам үшін құндымын ба?» шығарма жазу. (5-9 сынып)	Наурыз	Қазақ тілі пән мұғалімдері	Мектеп әкімшілігі
11	«Қатыгездік қайдан шығады?» (әңгіме) (2-4 сынып)	Наурыз	Т.Маймақова	Мектеп әкімшілігі
12	«Кәмелетке толмағандардың әкімшілік және қылмыстық жауапкершілігі» (әңгіме) (8-10 сынып)	Сәуір	Б.Қайырбеков	Мектеп әкімшілігі
13	Ішкілік пен темекі шегудің алдын алу мақсатында сауалнама алу. (5-9 сынып)	Мамыр	Сынып жетекшілері	Мектеп әкімшілігі

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар

*С. Қоқыбасов* С.Қоқыбасов

№39 «Қызылөзек» орта мектебінде құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында профилактикалық іс шаралар тиімділігіне байланысты 8-11 сыныптар арасында жиналыс болып өтті. ҚР «Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына байланысты іс-шаралар ұйымдастырылып, алдын алу бағытында жұмыстар жүргізілді. Қылмыс пен құқық бұзушылыққа бейім балаларды анықтап тиісті шаралар қолданып, кәмелетке толмағандардың көшеде жүрмеуін қадағалау рейдтерін ұйымдастыру, заңдылықты бұзуды болдырмау мақсатында жұмыстар айтылды. «Түнгі қаладағы балалар» дәстүрлі акциясына мектеп мұғалімдерінен құралған кезекші топ көшелерді, дүкендерді аралап оқушылардың беймезгіл жүрулеріне тыйым салып отырады. Сонымен қатар кәмелетке толмағандар арасындағы **жыныстық қол сұғылмаушылық және балалар суицидтерін** алдын алу бойынша ата аналарға кеңестер беріліп, жаднамалар және слайдтар көрсетілді.

Мектеп директоры



Ж.Байжанов



Қалалық білім бөліміне

№39 «Қызылөзек» орта мектебі әкімшілігінен

### Анықтама

Қараөзек елді мекенінде орналасқан орталық мешітте 28.10.2022 жылы болған жұма намазында №39 «Қызылөзек» орта мектебінің оқушылары анықталған жоқ.

Мектеп директоры



Ж. Байжанов

«Бекітемін»

Мектеп директоры Ж.Байжанов



**№39 орта мектебіндегі 20 қараша Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған  
«Бала құқығы-адам құқығы» тақырыбындағы іс-шаралар жоспары**

р/с	Жұмыс түрі	Уақыты	Аяқталу нысаны	Жауаптылар
1.	Іс-шара жасап, бекіту	10.11.2022	Іс-шара жоспары	Мектеп әкімшілігі Қоқыбасов. С
2.	«Әр баланың құқығы бар» сурет байқауы	14.11.2022	Сурет байқауы	Тұяқбаева.Л
3.	«Құқығым бар» эссе байқауы	15.11.2022	Эссе байқауы	Сұлтанова. Г
4.	«Бақытты ана- бақытты бала- бақытты ел» көп балалы аналармен кездесу	16.11.2022	Кездесу кеші	Әбілова.А Сынып жетекшілер
5.	«Түнгі қаладағы балалар» рейдтік шаралар	Оңкүндік аясында	Рейдтік шаралар	Қоқыбасов.С Сынып жетекшілер
6.	Атқарылған шараларды әлеуметтік желіге жариялау	Кезінде	Әлеуметтік желілерге жариялау	Қоқыбасов.С Қуанышова.А
7.	ҚҚБ ББ- не қорытынды ақпарат ұсыну	17.11.2022	Ақпарат ұсыну	Қоқыбасов.С

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар

С.Қоқыбасов

**№39 «Қызылөзек» орта мектебінің 20 қараша Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған «Бала құқығы-адам құқығы» онкүндігі аясындағы іс-шара**

### **Анықтамасы**

Қараша айының 10-20 аралығында «Бала құқығы-адам құқығы» тақырыбында мектепшілік іс-шара жоспары жасалынды. Іс-шара мақсаты: Адам құқықтарын сақтау, өз құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыруға дайындық қабілеттілігін қалыптастыру. Оқушыларға адам құқығы, бала құқығы, құқықты алаң, оқушының құқығы мен міндеті ұғымдарын меңгерту, проблемалық жағдаяттарды құқықтық тәсілмен шешуге үйрету. Оқушыларға «Құқық тәртібі» жедел алдын алу шарасы аясында «Жолда жүру ережесін сақтаймыз» тақырыбында жергілікті учаскелік полиция капитаны Кенжалиев Е. 5-7 сыныптарға түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Тарих пәнінің мұғалімі Қайырбеков Б. ұйымдастыруымен «Бала құқығы адам құқығы» тақырыбында 9-10 сыныптар арасында дөңгелек үстел болып өтті. «Әр баланың құқығы бар» тақырыбында 6-7 сыныптар сурет байқауы мен «Құқығым бар» тақырыбында 9-10 сыныптар эссе байқауын көркем еңбек және қазақ тілі бірлестіктері ұйымдастыра білді. Сонымен қатар тарих пәнінің мұғалімі Б.Қайырбековтің «Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу» туралы құқық сабағы 10 сыныптарға өткізілді. Іс-шара барысында мектеп оқушыларына өз құқықтары мен еркіндіктерін шектеп ұстау міндеттілігі туралы, құқықтық нормативтік актілерді орындай, құрметтей білуге үйрету, адамгершілікке, елжандылыққа, құқықтық сауаттылыққа тәрбиелеу бағытында өткізілді.

<https://www.facebook.com/100044570716415/posts/pfbid024cjS78mSbYKN4NCrxDmXfJ1LBh4bpbWSLdbeghZ9TX4wEjh281TgjVncbvjGv8Aol/?app=fbl>

<https://www.facebook.com/100044570716415/posts/pfbid0A5Sdi6Q2JRp4jUYetwK4cWZec7cd8bgne4T9ZXHCpyxGoeD5Ax7tj9EPqmYxnwBl/?app=fbl>

<https://www.facebook.com/100044570716415/posts/pfbid02QfpYQnLKaC5MBSKT7BHYu2BEj2zrwnslakiA5aAc2tZLXqb8ACpzurbYPwNc7icil/?app=fbl>

<https://www.facebook.com/100044570716415/posts/pfbid0xekjP5mRXBQu2GFcttbub3ackLjCyqZ5c2bRqwjwHPa6xuVPCofGpSJkwWNnbrzpl/?app=fbl>

<https://www.facebook.com/100044570716415/posts/pfbid02rh6zmemfdyGENPcWJgziE2CHRY9hCrDtnwPoxzdBWLPTXBtbPE82ZDsJ9HbFZF1/?app=fbl>



Мектеп директоры



Ж.Байжанов

## Анықтама

№ 39 «Қызылөзек» орта мектебінде 20 қараша Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған «Бала құқығы – адам құқығы» тақырыбындағы іс-шаралар жоспары аясында «Әр баланың құқығы бар» атты сурет салу байқауы болып өтті.



Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар

С.Қоқыбасов


## Анықтама

№39 «Қызылөзек» орта мектебінде 20 қараша Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған «Бала құқығы-адам құқығы» онкүндік аясында 9 сынып оқушыларының қатысуымен «Құқығым бар» тақырыбында эссе байқауы өтті.

Мақсаты: Оқушының құқықтары мен міндеттері туралы білімдерін толықтыру.

Оқушыларды адам құқықтарына оқыта отырып, түрлі өмірлік жағдайларда өз мүмкіндіктерін жеке және қоғам пайдасына сәйкес шешім қабылдай алу әрекеттерін дамыту.

Қазақстанның болашағына үлесін қоса білетін білімді де, ізденіппаз ұрпақ етіп тәрбиелеу.



Тәрбиесі ісі жөніндегі орынбасар:

С.Қоқыбасов

## Анықтама

№39 «Қызылөзек» орта мектебінде 8 «Б» сыныбы «Құқықбұзушылық пен зорлық зомбылықсыз балалық шақ атты» тәрбие сағатын өткізді. Іс шарада балалар мен жасөспірімдердің құқықбұзушылық, қадағлаусыздық пен қаңғыбастық, суицидтің алдын алу профилактикалық шаралары бойынша жұмыстар жүргізіліп түсіндірілді.



Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар

С.Қоқыбасов

## Анықтама

№39 «Қызылөзек» орта мектебі мен Қараөзек ауылдық клубы МКҚК-ның ұйымдастыруымен «Бала құқығы-адам құқығы» және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес- бүгінгі қоғам талабы» атты 10-9 сынып оқушылармен дөңгелек үстел болып өтті. Шарада мектебіміздің тарих және дінтану пәнінің мұғалімі Б.Қайырбеков бала құқықтары мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің тиімді жолдары жайлы өз ойын ортаға салып оқушылармен пікір алмасты. Бала құқығын қамтамасыз ету мәселелері бойынша мемлекетіміздің іске асыратын бағдарламалары жайлы хабармалар айтылып, сыбайлас жемқорлықтың қоғам мен ел дамуын тежейтін тұстары қозғалды. Жиын соңы оқушылар өз сауалдарын қойып, пікір алмасты.



Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар

С.Қоқыбасов

## Анықтама

№39 " Қызылөзек" орта мектебі мен Қараөзек ауылдық клубы МКҚК-нын ұйымдастыруымен " Бала құқығы- адам құқығы" және "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес - бүгінгі қоғам талабы" атты 10 -9 сынып оқушыларымен дөңгелек үстел болып өтті.Шарада мектебіміздің тарих және дін тану пәнінің мұғалімі Б.Қайырбеков бала құқықтары мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің тиімді жолдары жайлы өз ойын ортаға салып оқушылармен пікір алысты.Бала құқығын қамтамасыз ету мәселелері бойынша мемлекетіміздің іске асыратын бағдарламалары жайлы хабарламалар айтылып ,сыбайлас жемқорлықтың қоғам мен мемлекетке тигізер зияны мен ел дамуын тежейтін тұстары қозғалды.Жиын соңы оқушылар өз сауалдарын қойып пікір алмасты .



Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар

С.Қоқыбасов

## Анықтама

№39 «Қызылөзек» орта мектебінде 2022 жылдың 15 қараша күні «Бала құқығы-адам құқығы» онкүндік аясында 9-10 сыныптар аралығында тарих және құқық пәні мұғалімі Б. Қайырбековтың ұйымдастыруымен «Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу» туралы құқық сабағы болып өтті.

Мақсаты: Оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттырып, құқық бұзушылық және қылмыс белгілерімен, түрлерімен таныстыру, жасөспірімдердің құқықтары мен міндерімен таныстыру. Қоғамның заңдары мен нормаларын орындауға, құқықтарын біліп оны құрметтеуге тәрбиелеу.

9-10 сынып оқушылары «Жасөспірімдер араасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу» туралы өз ойларын білдіріп, сұрақтарға жауап береді.



Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:

С.Қоқыбасов

## Анықтама

- №39 «Қызылөзек» орта мектебінде 2022 жылдың 15 қараша күні «Бала құқығы- адам құқығы» онкүндік аясында 9-10 сыныптар аралығында тарих және құқық пәні мұғалімі Б.Қайырбековтың ұйымдастыруымен **«Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу»** туралы құқық сабағы болып өтті.
- Мақсаты
- оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттырып, құқық бұзушылық және қылмыс белгілерімен, түрлерімен таныстыру, жасөспірімдердің құқықтары мен міндеттерімен таныстыру. Қоғамның заңдары мен нормаларын орындауға, құқықтарын біліп оны құрметтеуге тәрбиелеу. 9-10 сынып оқушылары **«Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу»** туралы өз ойларын білдіріп, сұрақтарға жауап берді.



Пән мұғалімі

Б.Қайырбеков



Қызылорда қалалық білім бөліміне

№39 «Қызылөзек» орта мектебінен

### Анықтама

№39 «Қызылөзек» орта мектебінде жол- көлік оқиғаларының алдын алу мақсатында профилактикалық түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Жасөспірімдер ісі жөніндегі инспектор Ж.Қанибаев, тәрбие ісі жөніндегі орынбасар С.Қоқыбасов, мектеп тәлімгері Ы.Ержанова және «Жас ұлан» ұйымы мүшелері жоғары және бастауыш сынып оқушыларына «Сак болындар балалар» тақырыбында қауіпсіз жол акциясын өткізді. Мақсаты балаларды жолда жүру ережесімен таныстырып есте сақтауға үйрету. Танымдық белсенділігін, жол белгілерін білу мен олардың атқаратын қызметін, қоғамдық көліктермен жәй көліктердегі тәртіпті сақтау заңдылықтары туралы түсіндіру. Іс-шара барысында оқушыларға жолда жүру ережесі мен жол белгілері жайында және тәжірбие бойынша жұмыстар жүргізілді.


Суреттер қосымша жолданды.

<https://www.facebook.com/100044570716415/posts/631158051713213/?flite=scwspnss>

Мектеп директоры




Ж.Байжанов



**Жас досым!**  
Жас досым!



**Жол жүру ежелерін ұмытпа және  
есіңде сақтап жүр!**






## Анықтама

Жолда жүру ережесін сақтаймыз! Мектеп оқушыларына «Құқық тәртібі» жедел алдын алу шарасы аясында «Жолда жүру ережесін сақтаймыз!» тақырыбында полиция капитаны Кенжалиев Ержан Ерланұлы 5-7 сынып оқушылары арасында түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Мақсаты: Оқушыларды жол белгілерімен, жолда жүру ережелерімен таныстыру.

Жол қауіпсіздігі сақталмаған жағдайда кездесетін жарақаттар немесе түрлі жағдайлар туралы әңгімелеу.

Оқушыларды көшеде дұрыс жүріп, жол ережелерін, қауіпсіздігін білуге, есте сақтауға тәрбиелеу.




Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар:

С.ҚОҚЫБАСОВ

## Анықтама

№39 «Қызылөзек» орта мектебінде «Буллинг және кибербуллинг жайлы сөйлесейік» тақырыбында 5-7 сынып оқушылары арасында тренинг сағат өткізілді. Тренинг ұйымдастырушысы: мектеп психологы А.Абилова

Шараның мақсаты-баланың күйзеліс жағдайы мен агрессия кезінде өзін-өзі ұстай біліуіне көмектесу. Буллингтің түрлері және оның алдын алу міндеттері: мұғалімдерді қиын балалармен жұмыс істей білуге дайындау; әлеуметтік жанашырлықты жақсартуға жәрдемдесу; ата-аналарға психологиялық-педагогикалық білім беру; психиканы бұзатын және әлеуметтік қауіпті жағдайларды жою. Шара барысында оқушылардың көңіл күйін, шаршағандарын басу мақсатында, жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру мақсатында «Қошемет» ойын жаттығуы, соңында яғни жақсы көңіл күймен аяқтау мақсатында «Картошка» ойын жаттығуы жүргізілді.




Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:  С. Қоқыбасов

## Анықтама

№39 «Қызылөзек» орта мектебінде Облыстық жастар денсаулық орталығының және №5 қалалық емхана мамандарының қатысуымен «Болашақ сізбен біздің қолымызда» атты семинар іс шара болып өтті.

1. Мақсаты: Жасөспірімдер арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру, зорлық зомбылықсыз балалық шақ сонымен қатар арақ пен темекінің зияны туралы әңгімелер өрбіді.
2. Оқушыларға мамандық таңдауда бағыт бағдар беру, білім мен тәрбиені бойларына сіңіру.



Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:



A handwritten signature in blue ink, which appears to read 'S. Kozhymbasov'.

С.Қоқыбасов

## Анықтама

«Бес тас, асық ату»

1 желтоқсан күні дене шынықтыру пәні мұғалімі Д. Абишова мен тәлімгер Б. Ержанованың ұйымдастыруымен "Жас ұланның жұлдызды жылы" акциясы аясында ұлттық ойындарды насихаттау мақсатында "Асық ату", "Бес тас" ойындарын ойнатылды. Ойынға 3-4 сынып оқушылары белсене қатысып қызығушылықтарын танытты.



Тәлімгер

*Б.Ержанова*

Б.Ержанова

## Анықтама

### «КІТАПХАНАҒА КІТАП СЫЙЛА!» АКЦИЯСЫ ӨТТІ!

Артық ғылым кітапта, ерінбей оқып көруге" деп ойшыл Абай Құнанбайұлы айтып кеткедей, түйсігі бар әрбір адам үшін ғылым мен білімнің қайнар көзі кітапта екенін ұғамыз.

Осы орайда №39 "Қызылөзек" орта мектебінде кітапханашы Г.Сыздықова мен директордың бейінді ісі жөніндегі орынбасары Б.Бекенованың ұйымдастыруымен оқушылар және мұғалімдер арасында "Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында "Кітапханаға кітап сыйла" акциясы болып өтті.

Акция мақсаты — кітапхананың кітап қорын пайдалануға жарамды әдебиеттермен толықтыру, оқырман мен кітапхана арасын нығайту және оқушыларды кітап оқуға тарту.

Акцияға мектеп мұғалімдерін бастап, оқушылар, ана-аналар кітапханаға әдеби кітаптар сыйға тарту етті.



Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:  С.Қоқыбасов